

**Жамбеков М.**

**Бөкетов қоры/ М.Жамбеков //Қарағанды университеті.-  
1995.-20 наурыз.**

Евней Арыстанұлының Қазақстанның, бұрынғы Кеңестер Одағының ғылымын дамытудағы істеген еңбегі өте зор. Оларға халькогендер мен халькогенидтердің химиясы мен технологиясы, түсті және сирек металдардың гидрометаллургиясы, мыстың, халькогендер мен халькогенидтердің электрохимиясы, фосфорлы шикізаттарды өңдеу, мышьяк және оның қосылыстарының химиясы мен металлургиясы, түсті металлургиядағы сорбциялық-экстракциялық процестер, химиялық термодинамика, кремний көп концентраттарды ұқсату салаларындағы, күлі көп қоңыр көмірден сұйық отын алу бағытындағы ғылыми жұмыстары жатады.

Евекең елімізде халькогендер мен халькогенидтердің химиясы мен технологиясы саласында өзінің ғылыми мектебін жасады. Қазір өзі дүниеден өтсе де көптеген шәкірттері мен ізбасарлары ұлы ғалымның идеяларын жүзеге асырып, зерттеулерді бүгінгі өмір талабына сай жалғастырып, жаңа идеялар мен толықтырып жатыр.

Евекеңнің өзі ұйымдастырып, алғашқы төрағасы болған бұрынғы халькогендер мен халькогенидтердің химиясы және технологиясы бойынша төрт жылда бір өтетін Бүкілодақтық ғылыми кеңес те өз жұмысын тоқтатқан жоқ енді ол халықаралық конференция дәрежесінде 5-рет биылғы наурызда Евекеңнің мерей тойына түспа-түс өткізілмекші.

Академик тек өз саласын білетін, соны ғана меңгерген тар шеңберлі ғалым емес еді, ол кісінің әдебиет саласындағы еңбектері айтарлықтай. Бұл салада Евекең өзін әуелі әдебиет сыншысы ретінде көрсетіп, кейіннен белгілі жазушы дәрежесіне шықты. Әртүрлі баспаларда шыққан публицистикалық туындыларын, көркем аудармаларын, очерктерін жұртшылық кезінде қызыға оқыған болатын. Евекеңнің артында жарық көрмеген көптеген әдеби мұра қалды, оларды дүниеге шығарып, жұртшылық назарына ұсынуда інісі - Қамзабай ағамыз көп еңбек етіп жүр.

Ғылымға, өнерге, әдебиетке бой ұрған жас Евекеңнің назарынан тыс қалып көрген емес еді. Евекеңнің жетекшілігімен 55 кандидаттық және 14 докторлық диссертация қорғалды. Ағамыз жастарды ғылыми ізденушілікке және жаңашылдыққа, таланттылық пен табандылыққа үнемі жетелеп отыратын. Шәкірттерінің жетістігін көргенде тіпті ол солай болмаса да "Әй, батыр мынауың керемет жаңалық қой" деп жігерлендіретін, ал шәкірті ғылыми жолда қиындықтарға кездесе, онда ғылым жолының ауырлығын, оның инемен құдық қазғандай екендігін, ойлаған оңай орнындала берсе, онда ғылым дегеннің еріккеннің ермегіне айналатынын де ескертіп отыратын.

Сонымен бірге академик ағамыз өз очерктері мен эсселерінде, жастарға арналған мақалаларында аттары әлемге әйгілі ғалымдар Ньютон, Ломоносов пен Менделеев, Шоқан мен Қаныш Сәтбаев және басқалары туралы жазып, оларды жастарға үлгі ретінде ұсынатын, олардың ғылыми ерліктерінен

ғибрат алуға бағыттайтын.

Ғылымға, өнерге, әдебиетке талабы бар жастарға қамқорлықпен қараса, еліміздің ертеңгі белгілі ғалымы, жазушысы, сәулетшісі және т. с. сондай білікті маманы халқымыздың болашағы болуға тиіс. Евней Арыстанұлы: "Менен кейін не болатынын білмеймін, бірақ мен екен дәннің біреуі ғана өз жемісін берсе, мен өзімді бақытты адаммын деп санар едім, - деп армандаған еді.

Евекеннің осы арманын жүзеге асыру мақсатында 1992 жылдың қараша айының 4-ші жұлдызында топтын жиналысында академик Е. А. Бөкетов атындағы талантты жастар үшін қор ашылып, жарғысы қабылданды. Сол жылдың қараша айының 12 жұлдызында Қарағанды облыстық әділет басқармасында тіркелген болатым. Қордың мақсаты - мектеп оқушыларының, дарынды жастардың білім, ғылым, өнер, әдебиет саласындағы табыстарына қолдау көрсетіп, олардың творчестволық өсуіне көмектесу, жастарды жоғарғы гуманистік принциптер негізінде тәрбиелеу, соның нәтижесінде ғылымның, әдебиеттің, мәдениеттің, өнердің дамуына ықпал жасау.

Академик Е. А. Бөкетов атындағы қордың қолдауын жалпы білім беретін орта мектептердің, лицейлер мен гимназиялардың, соның ішінде кезінде Евней Арыстанұлы оқыған Солтүстік Қазақстан облысының Сергеев ауданындағы Е. А. Бөкетов атындағы мектептің өте үздік оқитын жоғарғы сынып оқушылары; жоғарғы және арнаулы орта білім беретін оқу орындарының өте үздік оқитын, ғылымға белсенді қатысатын, ғылыми мақалалары жарық көрген, студенттердің ғылыми конференцияларына қатысып, ғылыми баяндамалар жасаған, студенттердің республикалық конкурстық жұмыстарының лауреаттары мен жүлдегерлері; жоғары саналы көркем әдеби туындылар мен көркем-графикалық жұмыс иелері; жоғары оқу орындарының, ғылыми зерттеу институттарының тандаған саласы бойынша (табиғаттану және гуманитарлық) қарқынды ғылыми жұмыс жүргізіп, осы бағытта белгілі табысқа жеткен, аймақтық, республикалық және халықаралық жасаған, орталық және халықаралық журналдарда – ғылыми мақалалары басылған, жоғары сапалы көркем әдеби туындылар жазған және көркем-графикалық шығармалар жасаған, ғылыми және әдеби конкурстардың жеңімпаздары мен жүлдегерлері болған, жасы 30-ға дейінгі жас оқытушылары, аспиранттары, ғылыми қызметкерлері жатады.

Академик Е. А. Бөкетов атындағы қордың ынталандыру стипендиясы мен сыйлығын тағайындау үшін қамқоршылар кеңесіне мектептер мен орта арнаулы оқу орындарының педагогикалық кеңестерінің, жоғарғы оқу орындары мен ғылыми зерттеу институттарының ғылыми кеңестерінің үміткерді-ұсыну туралы шешімінің хаттамадан бірінші басшы және кеңес хатшысы қол қойған, ел таңбалық мөр басылып, күні көрсетілген көшірмесі; оқушылардың және студенттердің сабақ үлгерімі туралы табельден және сынақ кітапшасынан көшірме (қол қойылып, мөр басылған); оқушылардың ғылыми қоғамдарға қатысқаны, кіші ғылым академиясында жүргізген ғылыми жұмыстары; республикалық және облыстық пән олимпиадаларының

жеңімпаздары мен жүлдегерлері; студенттердің ғылыми жұмыстары (мақалалар, баяндамалар, конкурстар) туралы анықтамалар; жас оқытушылар, аспиранттар мен ғылыми қызметкерлердің ғылыми мақалаларының тізімі (кепілденген), олардың нәтижелерін ғылыми есептерде және халық шаруашылығында пайдаланылғандығын туралы анықтамалар, жеке басына сипаттама тапсырылады.

Академик Е. А. Бөкетов атындағы қордың құрылғанына екі жылдан астам уақыт өтсе де, оның қаржысы айтарлықтай бола қойған жоқ. Қордың жұмысын жандандыруға, сөйтіп дарынды жастарды тәрбиелеуге жеке тұлғалар, мемлекеттік, діни, қоғамдық ұйымдар, жоғарғы оқу орындары, кәсіпорындар, әкімшіліктер, мекемелер, коммерциялық құрылымдар қорға мүше бола алады.

Қордың қаржы жағдайын көтергісі келетін, сөйтіп еліміздің болашағы жастардың ғылым, өнер, әдебиет саласында еңбектерін қолдайтындар үшін академик Е. А. Бөкетов атындағы қордың есеп айырысу шотының Тұранбанктық Қарағанды облыстық басқармасындағы нөмір 700542, қор/есеп 300166701, МФО 191801301, Банктың индексі 470061, академик Е.А.Бөкетов атындағы қайырымдылық қоры.